

## **"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 196 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабы, 40-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*И. Турков*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы  
әкімдігінің 2015 жылдың 15 маусымдағы № 196  
қаулысына қосымша

## **Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізбесі**

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін өткізу үшін үй-жайларын ұсыну және үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 50 қаулысы (мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2015 жылдың 03 наурызында № 3131 нөмерімен тіркелген, 2015 жылдың 13 наурызында "Ауыл арайы", 2015 жылдың 13 наурызында "Сельская новь" газеттерінде жарияланды);

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін өткізу үшін үй-жайларды ұсыну және үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін орынды белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтарындағы № 21 қаулысы (мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2015 жылдың 26 қаңтарында № 3079 нөмерімен тіркелген, 2015 жылдың 27 қаңтарында "Ауыл арайы", 2015 жылдың 27 қаңтарында "Сельская новь" газеттерінде жарияланды).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК